

білікті бауу айналдырады және күйентелер бойынша бірінші цилиндрдің ең алдымен шығару, содан кейін ендіру клапандарының жабылғандырын қадағалайды; маховик картерінен орнату винтін бұрап шығарып алады да оны осы тесікке оймасы жоқ ұшымен кіргізеді; иінді білікті орнату винті маховиктің тесігіне кіру кезінде бірінші цилиндрдің, поршенінің сығу тактісінен кейінгі ж. ө. н. қалпына сәйкес келеді: декомпрессорды тоқтатады; екі клапанның стерженьдер мен күйентенің шаппасы аралығындағы саңылауды сүңгімен (шүппен) тексереді; саңылауды реттеу үшін қарсы гайканы бұрап босатады, шыққан саңылауды бір мезгілде тексере отырып реттеуіш винтті қажет бағытқа бұрайды; қажет саңылау жасалған соң қарсы гайканы бекітеді де қайтадан ол саңылауды тексереді.

Бірінші цилиндрді клапандарына реттеп болған соң маховиктен реттеуіш винтті суырып алып, оны картердегі бастапқы қалпына қояды. Иінді білікті сағат тілінің айналуды бағытына сәйкес жарты айналысқа бұрады да үшінші цилиндрдің клапандарын тексереді және реттейді. Сонан соң иінді білікті тағы да төртінші және екінші цилиндрлер үшін бірте-бірте жарты айналысқа айналдырады, сонымен бірге клапандар тексеріледі және саңылаулар реттеледі.

2.3. Газ тарату механизмінің негізгі ақаулары мен жөндеуі

Газ тарату механизмі детальдарының үйкелетін беттері тозып олардың түйіндескен беттеріндегі саңылау арта түседі. Сонымен қоса ыстық газдың, соққы күштің, бөлінген күйенің әсерінен клапандардын ершікке орнығуы бұзылады.

Газ тарату механизмінің негізгі ақаулары мыналар: клапан фаскасының және оның ершігінің тозуы мен күйюі, клапан стерженінің және оның бағыттауыш втулкасының, күйенте соққышы мен реттегіш винт қалпақшасының, штанға мен тұрткіш ұштығының, таратқыш біліктің жұдырықшасы мен мойынның, таратқыш біліктің тірек втулкасы мен таратқыш шестерня тістерінің тозуы, клапан серіппесінің серпімділігінің жойылуы. Бұл аталған ақаулардан тарсыл пайда болады, оның, қуаты кеміп, тиімділігі төмен дейді.

Газ тарату механизмінің бірқалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін «Машиналарға техникалық қызмет көрсету жүйесі» пәнінен белгілі техникалық қызмет көрсету ережелеріне сәйкес тиісті операцияларды атқару қажет. Бұған жататындар: цилиндрлер қалпақшасын, күйенте білікшесі тірегін және баска детальдарды тексергіш бекітілген тұстарын қатайтып бұрау, клапандар мен